

**<sup>1</sup>Кәрімов Д.Ж.<sup>ORCID</sup>, <sup>1</sup>Кадырбекова Д.С., <sup>2</sup>Мазбаев О.Б., <sup>3</sup>Уайсова А.**

<sup>1</sup>Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>3</sup>Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КУРОРТТЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІН ТАЛДАУ

Кәрімов Дәурен Жалғасұлы, Кадырбекова Динара Сериковна,  
Мазбаев Орденбек Блисбекович, Уайсова Амина

### Қазақстандағы курорттық аймақтардың даму үрдістерін талдау

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстанның курорттық аймақтарының даму үрдістері қарастырылады. Зерттеу барысында курорттық инфрақұрылымның қалыптасуы мен туристік қызметтер динамикасына кешенді талдау жүргізіліп, өңірлік айырмашылықтар анықталды. Негізгі зерттеу әдістері ретінде статистикалық деректерді жинау, салыстыру және динамикалық талдау қолданылды. Сонымен қатар, санаторий-курорт саласының жұмыс істеу ерекшеліктеріне егжей-тегжейлі талдау жасалып, оның дамуына әсер ететін негізгі факторлар мен үрдістер айқындалды. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы курорттық туризмнің тұрақты оң қарқынмен дамып келе жатқанын көрсетті, дегенмен инфрақұрылымдық теңсіздіктер мен аумақтық айырмашылықтар сақталуда және басқару тетіктерін жетілдіру қажеттілігі бар. Мақала қорытындылары курорттық аймақтарды басқаруды оңтайландыруға, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және тұрақты туризм саясатын дамытуға бағытталған. Таңдалған әдістерді үйлесімді қолдану саланың қазіргі жағдайын сипаттап қана қоймай, оның болашақ даму бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

**Түйін сөздер:** курорттық аймақтар, инфрақұрылым, кадрлық өлеует, туризм, даму үрдістері, статистикалық талдау, Қазақстан.

Каримов Даурен Жалғасұлы, Кадырбекова Динара Сериковна,  
Мазбаев Орденбек Блисбекович, Уайсова Амина

### Анализ тенденций развития курортных зон в Казахстане

**Аннотация.** В статье рассматриваются тенденции развития курортных зон Казахстана. В ходе исследования проведен комплексный анализ формирования курортной инфраструктуры и динамики туристских услуг, выявлены основные региональные различия. В качестве основного метода использовались сбор, сопоставление и динамический анализ статистической информации. Дополнительно проведен детальный анализ процессов функционирования санаторно-курортной отрасли, определены ключевые тенденции и факторы, влияющие на развитие данной сферы. Результаты исследования показали, что курортный туризм в Казахстане демонстрирует устойчивую положительную динамику, однако сохраняются инфраструктурные дисбалансы, территориальные различия и необходимость совершенствования механизмов управления. Выводы статьи могут быть использованы для оптимизации управления курортными зонами, повышения их конкурентоспособности и разработки политики устойчивого туризма. Гармоничное применение выбранных методов позволило не только охарактеризовать текущее состояние отрасли, но и определить перспективные направления её дальнейшего развития.

**Ключевые слова:** курортные зоны, инфраструктура, кадровый потенциал, туризм, тенденции развития, статистический анализ, Казахстан.

Karimov Dauren Zhalgasuly, Kadyrbekova Dinara Serikovna,  
Mazbayev Ordenbek Blisbekovich, Uaisova Amina

### Analysis of development trends of resort areas in Kazakhstan

**Abstract.** The article examines the development trends of Kazakhstan's resort areas. The study includes a comprehensive analysis of the formation of resort infrastructure and the dynamics of tourist services, identifying key regional differences. The main research methods involved the collection, comparison, and dynamic analysis of statistical data. In addition, a detailed assessment of the functioning of the sanatorium and resort industry was conducted, revealing major tendencies and factors influencing its development. The results show that resort tourism in Kazakhstan demonstrates stable positive dynamics; however, infrastructural imbalances, territorial disparities, and the need to improve management mechanisms persist. The findings of the article can be applied to optimize the management of resort areas, enhance their competitiveness, and develop a sustainable tourism policy. The integrated application of these methods made it possible not only to describe the current state of the industry but also to identify promising directions for its further development.

**Key words:** resort areas, infrastructure, human resources potential, tourism, development trends, statistical analysis, Kazakhstan.

**Кіріспе.** Қазіргі туризм индустриясындағы тұрақты даму қағидаттарымен және халықтың денсаулығын нығайтуға бағытталған рекреациялық сұраныстың артуымен айқындалады. Бүгінде экологиялық қауіпсіз, табиғи ресурстарға негізделген курорттар халықаралық нарықта жоғары сұранысқа ие болып отыр. Бұл үрдіс БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымының (UNWTO) мәліметтерімен де расталады, онда емдік-сауықтыру және экотуризм бағыттарының алдағы онжылдықта туризмнің ең жылдам дамитын сегменттерінің бірі болатыны атап өтіледі [1].

Осы орайда, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында емдік-сауықтыру туризмі туризм индустриясының басым және перспективалы бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Бұл бағыт ел халқының денсаулығын нығайтуға, өмір сапасын арттыруға, сондай-ақ өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді. Емдік-сауықтыру және медициналық туризм түрлерін табысты дамыту мақсатында бірқатар маңызды шаралар жүзеге асырылмақ. Атап айтқанда, халыққа санаторлы-курорттық, рекреациялық және сауықтыру қызметтерінің сапасын арттыруға бағытталған салааралық үйлестіруді күшейту, жыл бойы сапалы емдеу-сауықтыру қызметтерін ұсыну үшін медициналық ұйымдар мен санаторлы-курорттық мекемелердің туроператорлармен өзара іс-қимылын дамыту, медициналық ұйымдарда сервистік қызмет пен менеджмент жүйесін жетілдіру көзделген. Сонымен қатар, Қазақстанның медициналық-туристік өнімдерін шетелдік нарықта қалыптастыру және ілгерілету, табысты халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, осы бағыттың дамуын ынталандыру мен қолдау шаралары да қарастырылған [2].

Атап айтқанда, Қазақстанның табиғи-рекреациялық әлеуетінің аймақтар бойынша әркелкі орналасуымен және өңірлік экономиканы әртараптандыру қажеттілігімен байланысты. Әсіресе, Алакөл, Бурабай, Сарыағаш, Баянауыл және Қапшағай сияқты курорттық аймақтар жергілікті инфрақұрылымның дамуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына және өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, курорттық аймақтардың аумақтық дамуын талдау өңірлердің әлеуметтік-экономикалық теңгерімін қамтамасыз етудің және елдің ішкі туризм нарығын күшейтудің маңызды тетігі болып табылады [3].

Қазақстанда туризмнің дамуы туристік ағынның өсуімен, инфрақұрылымның жетілуімен

және аумақтардың мамандануымен сипатталады. Елдің туристік әлеуетін арттыруда, аймақтық экономиканы жандандыруда және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуда курорттық аймақтар ерекше маңызға ие.

Соңғы ресми статистикалық деректер 2025 жылдың қаңтар–наурыз айларындағы курорттық аймақтардың даму деңгейін кешенді талдауға мүмкіндік береді. Бұл деректер орналастыру орындарының материалдық-техникалық базасын, қызметкерлер құрамын және туристік ағынның құрылымын қамтиды.

Санаторий-курорттық кешендер ұғымы кеңес дәуірінен бастап қалыптасқан. Ғылыми әдебиеттер мен практикалық қолданыста бұл ұғым емдік-сауықтыру мекемелері мен табиғи ресурстардың үйлесімін білдіреді. Қазақстан өңірлерінде кең таралған минералды сулар, емдік балшықтар, шипажайлар және оларға ілеспе ұйымдардың өзара іс-қимылы санаторий-курорттық емдеу, сауықтыру қызметтері мен туризмнің өзара байланысын қамтамасыз етеді.

Санаторий-курорттық кешендер аумақтық сипатқа ие болып, табиғи емдік ресурстарды қамтиды. Олар тек негізгі орналасқан дестинацияны ғана емес, сонымен қатар іргелес аумақтарды, жақын маңдағы экскурсиялық бағыттарды, терренкурлар мен туристік маршруттарды да қамтитын кеңістікті құрайды.

Осыған байланысты санаторий-курорттық аймақтардың даму үрдістерін талдау және олардың болашағына қатысты ұсыныстар әзірлеу өзекті болып табылады. Санаторий-курорттық туризм елімізде сауықтыру туризмінің дамуына және жалпы туристік индустрияның өркендеуіне елеулі үлес қосады.

Қазақстанда санаторий-курорттық аймақтардың әлеуетін тиімді пайдалану – елдің туристік индустриясын дамытудағы стратегиялық бағыттардың бірі. Бұл сала тұрғындардың денсаулығын жақсартуымен қатар, өңірлік экономиканы әртараптандыруға, жұмыс орындарын ашуға және әлеуметтік инфрақұрылымды нығайтуға ықпал етеді. Дегенмен, қазіргі таңда санаторий-курорттық туризмді дамытуда материалдық-техникалық базаның тозуы, қызмет көрсету сапасының біркелкі еместігі, маркетингтік стратегиялардың әлсіздігі және халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттіліктің жеткіліксіздігі сияқты мәселелер бар.

Зерттеу барысында Қазақстандағы курорттық аймақтардың даму үрдістерін талдау, санаторий-курорттық кешендердің қазіргі жағдайын бағалау, туристік ағын мен инфрақұрылымның өзара бай-

ланысын анықтау, сондай-ақ бұл саланы дамытуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу қарастырылады.

Курорттық және емдік-сауықтыру туризмінің даму бағыттары мен үрдістерін зерттеу әлемдік және ұлттық деңгейде белсенді түрде жүргізілуде. Соңғы жылдары бұл сала көптеген ғалымдардың назарында болып, аймақтық дамудың, әлеуметтік инфрақұрылымның және халықтың өмір сапасының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуда. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, емдік-сауықтыру туризмі тек медициналық қызмет көрсетумен шектелмей, сонымен қатар табиғи-рекреациялық ресурстарды тиімді пайдалануға, экологиялық тұрақтылықты сақтауға және өңірлік экономиканы әртараптандыруға бағытталған кешенді жүйе ретінде қалыптасып келеді. Осы тұрғыда Ресей, Қытай және Қазақстан ғалымдарының зерттеулері курорттық аймақтардың кеңістіктік ұйымдасуы, даму тәуекелдері, экономикалық тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдарын талдауға бағытталған. Төменде келтірілген ғылыми еңбектер осы бағыттағы өзекті зерттеулердің нәтижелерін қамтиды.

Н.В. Рубцованың зерттеулерінде Ресей Федерациясының кейбір аймақтарында санаторий-курорттық саланың дамуында соңғы жылдары шипажайлар санының, сыйымдылығының және келушілер көлемінің азаюы сияқты теріс үрдістер байқалуда. Иркутск облысы мысалында жүргізілген зерттеу нәтижелері бұл саланың әлеуеті жоғары болғанымен, экономикалық, инфрақұрылымдық және экологиялық тәуекелдердің оның тиімді дамуына кедергі келтіріп отырғанын көрсетті. Сараптамалық бағалау әдісі арқылы негізгі тәуекел топтары анықталып, оларды төмендетудің басқару стратегиялары мен даму бағыттары ұсынылған [4].

А.А. Мустафина және басқалары еңбегінде Татарстан аймақтарының әлеуметтік-географиялық дамуындағы санаторий-курорттық жүйенің рөліне баса назар аударып отырып, сауықтыру туризмі мен адами капиталдың байланысы қарастырылған [5].

Н.С. Лукьянова, К.Ю. Кайсарова мақаласында Кеңестік санаторий-курорттық жүйенің құлдырауын талдау және оны ішкі Ресей туризмінің өсуіне реакция ретінде қалпына келтіру, сонымен қатар ішкі сұраныстың айтарлықтай өсуі және жолдама сатылымының шамамен +30 % екендігін анықтайды [6].

Gao Caixia, Liu Jiaming, Li Fengjiao және басқалар Қытайдағы ұлттық деңгейдегі туристік-курорттық аймақтардың кеңістіктік таралу ерекшеліктері мен әсер етуші факторлар талда-

нады. 2015-2020 жылдар аралығындағы 45-ші аймақ негізінде жүргізілген зерттеу нәтижесінде курорттық аймақтардың даму кезеңінде екені, олардың шығыста және оңтүстікте шоғырланып, батыс пен солтүстікте сирек орналасқаны анықталды. Табиғи ресурстар, мемлекеттік саясат, нарықтық даму, демалыс жүйесі және ірі іс-шаралар олардың кеңістіктік ұйымдасуына ықпал ететіні көрсетілді. Авторлар курорттық аймақтардың кеңістіктік құрылымын жетілдіру мен жоғары сапалы дамуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар ұсынады [7].

Ye Haodong, Wen Jun, Xu Xingpeng, Li Jiayu, Lv Zhaopeng, Su Yueping зерттеулерінде Фуцзянь провинциясындағы орманды қорғау және сауықтыру курорттарының кеңістіктік құрылымын зерттеу: орналастырудың географиялық ерекшелігі және Resort ортасының орналасу критерийлері деп тұжырымдайды [8].

U. Badalov, M. Khusanova санаторийлер мен сауықтыру объектілерін орналастыру тізбектері, өңірдің географиялық ресурстары: минералды көздер, ландшафтық ерекшеліктер, аурулардың табиғи-әлеуметтік фокустары зерттелді [9].

К. Мусина, К. Омарова, К. Тукибаева Қазақстандағы емдік-сауықтыру туризмінің әлеуеті жоғары болғанымен, оның даму деңгейі өңірлер арасында біркелкі еместігін көрсетеді. Елдің табиғи-рекреациялық ресурстары мол болғанына қарамастан, инфрақұрылымның жеткіліксіздігі мен халықаралық нарықтағы танымалдылықтың төмендігі саланың өсу қарқынын тежейді. Авторлар жаһандық үрдістерді ескере отырып, емдік-сауықтыру туризмін ұлттық экономиканың бәсекеге қабілетті және тұрақты бағытына айналдыру қажеттігін атап өтеді [10].

М. Мусаев, М. Абайдуллаева, Д.М. Хамитова, П.Ж. Орынбет зерттеулерінде Қазақстан Республикасындағы емдік-сауықтыру туризмінің қазіргі жағдайы мен даму үрдістері талданған. Авторлар санаторийлер, SPA-кешендер және медициналық орталықтардың жұмыс тиімділігіне әсер ететін негізгі факторларды – маусымдылық, инфрақұрылымның тозуы, қызмет көрсету құны және маркетингтік белсенділіктің төмендігін – айқындаған. Сауалнама нәтижелері мен SWOT-талдау негізінде саладағы күшті жақтар (табиғи ресурстардың молдығы, емдік факторлардың алуан түрлілігі) мен әлсіз тұстар (ескірген инфрақұрылым, халықаралық нарықтағы әлсіз позиция) көрсетілген. Зерттеу қорытындысында саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жыл бойы жұмыс істейтін қызмет түрлерін дамыту, инфрақұрылымды жаңғырту, көлік

қолжетімділігін арттыру және цифрлық технологияларды енгізу қажеттілігі айқындалған. Бұл шаралар өңірлік экономиканы нығайтуға және ішкі туризмнің тұрақты дамуына ықпал етеді [11].

Жалпы алғанда, қарастырылған зерттеулердің нәтижелері курорттық және емдік-сауықтыру туризмінің даму үрдістері әлемдік және аймақтық деңгейде ұқсас сипатқа ие екенін көрсетеді. Ресей мен Қытай ғалымдарының зерттеулерінде байқалғандай, бұл саладағы негізгі қиындықтар – инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, маусымдылық, экономикалық және экологиялық тәуекелдер, сондай-ақ басқару мен маркетинг жүйесінің әлсіздігі. Қазақстандық зерттеулер де осы мәселелерді растай отырып, елдің табиғи-рекреациялық әлеуеті жоғары болғанымен, оны тиімді пайдалану мен халықаралық нарықта ілгерілету бағытында жүйелі шаралар қажет екенін айқындайды. Ғалымдар ұсынған ортақ тұжырым – инфрақұрылымды жаңғырту, жыл бойы қызмет көрсететін кешендерді дамыту, цифрлық технологияларды енгізу және өңірлік ерекшеліктерге бейімделген мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру арқылы курорттық туризмді тұрақты және бәсекеге қабілетті салаға айналдыру қажеттілігін байқаймыз.

**Зерттеу мақсаты** – Қазақстандағы курорттық аймақтардың даму үрдістерін талдау арқылы олардың әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және инфрақұрылымдық әлеуетін бағалау және аймақтық деңгейде емдік-сауықтыру туризмінің даму бағыттарын айқындау.

#### **Зерттеу міндеттері:**

- Қазақстандағы курорттық аймақтардың қазіргі даму жағдайы мен негізгі үрдістерін талдау;
- курорттық аймақтардың табиғи-рекреациялық және инфрақұрылымдық әлеуетін бағалау;
- курорттық туризмнің аймақтық әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін анықтау;
- курорттық аймақтарды тұрақты дамытуға бағытталған стратегиялық ұсыныстар әзірлеу.

**Әдістер мен материалдар.** Зерттеу жұмысының ақпараттық негізін Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы ұсынған ресми деректер құрайды. 2025 жылдың қаңтар-наурыз айларына арналған мәліметтер курорттық аймақтардағы орналастыру орындарының даму деңгейін, олардың инфрақұрылымдық және ұйымдастырушылық ерекшеліктерін кешенді сипаттауға мүмкіндік береді.

Зерттеуде пайдаланылған негізгі статистикалық материалдар мыналарды қамтиды:

- орналастыру орындарының саны мен құрылымы (меншік нысаны және түрлері бойынша);

- қонақ үйлердің санаттары бойынша жіктелуі (5\*, 4\*, 3\*, 2\* жұлдызды, санаты жоқ нысандар және өзге орналастыру орындары);

- қызметкерлер құрамы (қызметкерлердің жалпы саны мен құрылымы);

- негізгі көрсеткіштер (орналастыру орындарының саны, келушілер саны, бөлмелер мен төсек-орындар қоры, біржолғы сыйымдылық, бөлмелердің толтырылымдылығы, ұсынылған төсек-тәуліктер, төсек-тәуліктің орташа құны, көрсетілген қызмет көлемі);

- сапар мақсаттары бойынша туристік ағын құрылымы (резиденттер мен резидент еместердің жеке және іскерлік/кәсіби сапарлары);

- туристердің болу ұзақтығы;

- қонақ үй шаруашылығының материалдық-техникалық базасы (қонақ үйлердің дәрежелері бойынша бөлмелердің сапалық сипаттамасы).

Зерттеу әдістемесі негізінен сандық деректерді талдауға сүйенеді. Мақалада салыстырмалы, құрылымдық, динамикалық талдау және жүйелік тәсіл қолданылды. Курорттық аймақтардың көрсеткіштерін уақыттық және аумақтық тұрғыда салыстыруға, туристік ағынның, орналастыру орындарының инфрақұрылымы мен қызметкерлер құрамының үлестік арақатынастарын айқындауға, көрсеткіштердің өзгеру үрдістерін анықтауға, санаторий-курорттық кешендерді туризм индустриясының құрамдас бөлігі ретінде кешенді қарастыруға мүмкіндік берді.

Мақалада негізінен туризм статистикасы (Stat.gov.kz) көрсеткіштер қолданылды [12].

Аналитикалық репортаждар: Astana Times, The Business Year және т.б. – 2024 жылы келушілердің айтарлықтай өсуі туралы есептер (2024 жылы 9-15 млн диапазоны және кейбір жарияланымдарда 11.5-15.3 млн жалпы келуші жайлы ақпарат берілген) [13].

Сараптама/болжам (Fitch/ВМІ) және салалық нарықтық есептер – 2024 үшін өсім болжамдары берілген [14].

Осы әдістердің үйлесімді қолданылуы зерттеу нысанының қазіргі жағдайын сипаттап қана қоймай, сонымен қатар курорттық аймақтарды дамытудың болашағына қатысты тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

**Нәтижелер.** Қазақстанның курорттық аймақтары елдің туристік саласының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Олар табиғи-рекреациялық әлеуеті жоғары, емдік қасиеттері бар ресурстарға, қолайлы климатқа және инфрақұрылымдық мүмкіндіктерге сүйенеді. Соңғы жылдары курорттық аймақтарда орналастыру орындарының саны мен сапалық деңгейі

артып, жеке инвестициялар мен кәсіпкерлік белсенділіктің күшеюі байқалады. Бұл үрдіс аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына, жұмыс орындарының көбеюіне және ішкі туризмнің тартымдылығына оң әсерін тигізуде.

Қазіргі таңда курорттық инфрақұрылымның кеңеюі мен әртараптануы елдің туристік кеңістігін қайта құрылымдауға ықпал етуде. Әсіресе, демалыс және емдік-сауықтыру бағытындағы нысандардың артуы аймақтардың рекреациялық жүктемесін теңестіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан туризм индустриясын дамытуға арналған бағдарламалар мен инвестициялық жеңілдіктер жеке сектордың белсенділігін ынталандырып отыр. Бұл өз кезегінде курорттық аймақтардағы орналастыру орындарының меншік құрылымына және олардың аймақтық орналасу ерекшеліктеріне әсер етеді.

Курорттық инфрақұрылымның сапасы мен меншіктік құрылымы туризмнің тұрақты дамуының басты көрсеткіштерінің бірі саналады. Меншік нысандарының әртүрлілігі, олардың географиялық таралуы мен шоғырлану дәрежесі аймақтық даму теңгерімін айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, курорттық аймақтардағы орналастыру орындарының сандық және сапалық құрамын талдау, олардың меншіктік құрылымын анықтау және аймақтық ерекшеліктерін айқындау – саланың қазіргі ахуалын бағалау мен болашақ даму бағыттарын айқындауда маңызды рөл атқарады.

Курорттық аймақтарында 1778 орналастыру орны жұмыс істейді. Оның ішіне 1726 бірлік, шамамен (97 %) жеке меншік, 30 бірлік (1,7 %) мемлекеттік меншік, 22 бірлік (1,2 %) шетелдік меншік иелігінде. Демек, негізгі үлес жеке секторға тиесілі, ал мемлекеттік және шетелдік нысандардың үлесі мардымсыз.

Аймақтық тұрғыдан қарағанда, ең ірі орналастыру инфрақұрылымы Алматы тау кластерінде шоғырланған (523 бірлік), оның ішінде жеке меншік орындары басым (511 бірлік), сондай-ақ шетелдік меншіктің үлесі де салыстырмалы түрде жоғары (8 бірлік). Бұл Алматы тау кластерінің инвестициялық тартымдылығы мен халықаралық туристер үшін маңызын көрсетеді.

Алакөл курорттық аймағы да орналастыру орындарының елеулі үлесін иеленеді: Абай облысы аумағында – 204 бірлік, Жетісу облысында – 235 бірлік. Екі аймақта да меншік құрылымы толықтай дерлік жеке сектордың қолында.

Щучье-Бурабай курорттық аймағында (206 бірлік) жеке меншік орындар үлесі жоғары болса да, мемлекеттік меншік те аз мөлшерде сақталған (2 бірлік). Бұл аймақтың дәстүрлі курорттық мәртебесін және мемлекет тарапынан қолдау шараларының бар екенін көрсетеді.

Баянауыл (53 бірлік), Бұқтырма (90 бірлік), Балқаш (91 бірлік) және Алтай (40 бірлік) курорттық аймақтарында да жеке меншік үлесі басым, бірақ аздаған мемлекеттік және шетелдік меншік орындары тіркелген. Бұл табиғи-рекреациялық әлеуетке негізделген аймақтардың даму деңгейін бейнелейді.

Ал салыстырмалы түрде шағын инфрақұрылымға ие аймақтар – Қарқаралы (20 бірлік), Зеренді (25 бірлік), Имантау-Шалқар (36 бірлік), Қатон-Қарағай (18 бірлік), Сарыағаш (22 бірлік), Ұлан (14 бірлік), Қостанай курорттық аймағы (4 бірлік). Бұл аймақтарда орналастыру орындары саны аз, алайда негізінен жеке сектор есебінен қызмет көрсетуде. Айта кетерлік жайт, Байқоңыр туристік аймағында бар болғаны 1 орналастыру орны тіркелген және ол жеке меншікке тиесілі.

Сонымен қатар, Курорттық аймақтар бөлінісіндегі орналастыру орындарының деректерін KMeans арқылы 3 топқа бөлдік:

Кластер 2 (ірі туристік орталықтар):

– Алматы тау кластері (үлкен ауқым, ең жоғары келушілер мен қызмет көлемі).


Кластер 1 (орташа деңгейлі аймақтар):

– Щучье-Бурабай, Маңғыстау, Алматы курорттық аймағы, Балқаш, Түркістан, Алтай, Сарыағаш және басқалары. Бұлар тұрақты туристік ағымға ие, бірақ Алматы тау кластерінен әлдеқайда төмен.

Кластер 0 (шағын аймақтар):

– Байқоңыр, Ұлан, Қостанай, Қатон-Қарағай, Имантау-Шалқар, Баянауыл және т.б. Туристер саны төмен, әлеуетті арттыру қажет.

Негізгі орталықтар – Алматы тау кластері, Алакөл (екі облыс бойынша), Щучье-Бурабай. Олар елдегі барлық орналастыру орындарының шамамен 65 %-ын құрайды.



Сурет 1 – Курорттық аймақтар бойынша орналастыру орындарының меншік нысандары

Жеке меншік басым – бұл сектордың туризмдегі рөлінің өте жоғары екенін көрсетеді. Шетелдік меншік үлесі ең көп Маңғыстауда ( $\approx 11\%$ ), бұл Каспий маңы туризміне сыртқы инвестицияның тартылғанын білдіреді. Мемлекеттік меншік үлесі кейбір дәстүрлі курорттарда ғана байқалады (Бұқтырма, Қарқаралы, Баянауыл, Имантау-Шалқар). Бірқатар аймақтарда орналастыру орындарының саны өте аз (Қостанай – 4, Ұлан – 14, Катон-Қарағай – 18, Байқоңыр – 1), бұл туризм инфрақұрылымының жеткіліксіз дамығанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, талдау көрсеткендей, Қазақстанның курорттық инфрақұрылымы негізінен жекеменшік секторда шоғырланған, мемлекеттік қатысу өте төмен деңгейде қалып отыр. Шетелдік меншік орындары Алматы тау кластерінде және

Маңғыстау аймағында көбірек шоғырланған, бұл шетелдік инвестициялардың тартымды бағыттарын айқындайды.

Қазақстанның курорттық аймақтарындағы емдік-сауықтыру туризмінің даму серпінін анықтау мақсатында 2025 жылдың алғашқы тоқсаны бойынша орналастыру инфрақұрылымының, кадрлық әлеуеттің және туристік қызмет көрсеткіштердің жиынтық талдауы жүргізілді. Бұл кезеңде туризм саласының құрылымдық өзгерістері, аймақтар арасындағы айырмашылықтар мен нарықтық үрдістер айқындалды. Төменде келтірілген кестеде Қазақстанның негізгі курорттық аймақтарындағы орналастыру орындарының саны, туристер легі, қызмет көрсету көлемі, кадрлық қамтылу деңгейі және материалдық-техникалық база көрсеткіштері жүйеленіп берілген.

Кесте 1 – 2025 жылдың алғашқы тоқсанындағы Қазақстанның курорттық аймақтарындағы орналастыру инфрақұрылымы, кадрлық әлеуеті және туризм көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	Мәліметтер мен талдау
1	Орналастыру инфрақұрылымы	2025 жылдың алғашқы тоқсанында Қазақстанның курорттық аймақтарында барлығы 1 778 орналастыру орны жұмыс істеген. Ең көп үлесті бір қабатты бунгало, ауылдық үйлер, коттедждер, шағын үйлер мен пәтерлер құрайды – 821 бірлік (46 %). Бұл көрсеткіш отбасылық және шағын топтарға арналған баламалы орналастыру түрлерінің сұранысы артып келе жатқанын көрсетеді. Екінші орында – мейрамханасы жоқ қонақ үйлер (356 бірлік, 20 %), үшінші орында – мейрамханасы бар қонақ үйлер (281 бірлік, 16 %). Демалыс үйлері – 98, туристік базалар – 38, пансионаттар – 38, балалар лагерьлері – 35, хостелдер – 70, мотельдер – 8, кемпингтер – 9, туристік лагерьлер – 3 бірлік. Бұл мәліметтер қонақ үй бизнесінің басым бағыт екенін, бірақ шағын орналастыру түрлерінің де белсенді дамып жатқанын дәлелдейді. Аймақтық тұрғыдан ең жоғары үлес Алматы тау кластерінде (523 бірлік) байқалады, бұл аймақтың көпфункционалды туристік бағыт ретіндегі әлеуетін айқындайды. Одан кейін Алакөл аймағы (Абай облысы – 204, Жетісу облысы – 235), Щучье-Бурабай (206), Балқаш (91), Бұқтырма (90), Баянауыл (53) және Түркістан (72) келеді. Қарқаралы, Зеренді, Қатон-Қарағай, Ұлан, Сарыағаш сияқты шағын аймақтарда орналастыру нысандарының саны аз және көбінесе жергілікті қонақ үйлер мен ауылдық үйлер түрінде.
2	Кадрлық әлеует	2025 жылдың қаңтар-наурыз айларында курорттық аймақтарда 13 027 қызметкер жұмыс істеген, оның ішінде 12 724 тұрақты, 303 маусымдық қызметкер. Әйелдердің үлесі – 7 892 (60,6 %), ерлер – 5 135 (39,4 %). Ең ірі жұмыс беруші – Алматы тау кластері (6 443 адам), одан кейін Щучье-Бурабай (2 388) және Маңғыстау аймағы (1 330). Ең аз қызметкер Байқоңырда (2 адам), Қостанайда (15) және Ұлан ауданында (30) тіркелген. Жалпы кадрлар негізінен тау кластерлері мен ірі курорттық аймақтарда шоғырланған, бұл өңірлерде туризм экономикасының негізгі драйверіне айналып отыр.
3	Туризм көрсеткіштері	Барлық курорттық аймақтар бойынша: орналастыру орындары – 1 778, қызмет көрсетілген келушілер – 883 349 адам, қызмет көлемі – 33,1 млрд теңге, біржолғы сыйымдылық – 115 389 төсек-орын, орташа төсек-тәулік құны – 19 236 теңге. Алматы тау кластері – абсолютті көшбасшы: 637,7 мың келуші, 23,6 млрд теңге табыс, бөлмелердің толтырылуы – 39,2 %. Щучье-Бурабай – 78,3 мың турист, 4,9 млрд теңге табыс. Маңғыстау – 53,8 мың келуші, 2,1 млрд теңге табыс. Шағын аймақтарда (Қостанай, Байқоңыр, Қатон-Қарағай, Ұлан) көрсеткіштер төмен. Туризм нарығының негізгі үлесін Алматы тау кластері қамтиды. Сапар мақсаттары бойынша: барлығы 883 349 турист, оның ішінде резиденттер – 726 869 (жеке мақсатта – 585 722, іскерлік – 141 147), резидент еместер – 156 480 (жеке мақсатта – 63 425, іскерлік – 93 055). Шетелдік туристердің негізгі бөлігі – Алматы тау кластерінде (146,6 мың адам). Маңғыстауда да шетелдік туристер үлесі жоғары (6 мыңға жуық). Қалған аймақтарда бұл көрсеткіш аз. Болу ұзақтығы бойынша: бір күндік келушілер – 121 521 (13,8 %), түнеушілер – 761 828 (86,2 %). Ұзақ мерзімді демалыс басым. Алматы тау кластерінде түнеушілер үлесі ең жоғары (68 %), Алтай аймағында бір күндік туристер басым (33,5 мың адам).
4	Материалдық-техникалық база және тарифтер	Орналастыру орындарының басым бөлігі – санаты жоқ қонақ үйлер (593 бірлік) және өзге орналастыру орындары (1 141). 5 жұлдызды – 11, 4 жұлдызды – 24, 3 жұлдызды – 7, 2 жұлдызды – 2 ғана. Бөлмелер құрылымы: стандартты бөлмелер – 31 238, жайлылықсыз – 6 124. Толтырылуы ең жоғары – 2 жұлдызды қонақ үйлер (52,8 %). Орташа тәулік-төсек құны: 5* – 75 982 тг, 4* – 31 969 тг, 3* – 20 486 тг, санаты жоқ – 18 842 тг. Бұл деректер орналастыру сапасының әркелкілігін және баға саясатының аймақтық ерекшеліктерін көрсетеді.

Ескерту: Ұлттық статистика бюросы негізінде авторлармен құрастырылған

Қазақстандағы курорттық орналастыру қоры сапасы бойынша жеткіліксіз әртараптандырылған. Жоғары жұлдызды қонақ үйлер саны өте аз, ал ұсыныстың басым бөлігі төмен және орта деңгейлі орналастыру орындарына тиесілі.

Қазақстан курорттық аймақтарының 2025-2029 жылдарға болжамдық дамуы. Барлық

аймақтар бойынша келушілер саны есептелді: бастапқы 2024 жылғы деректер негізінде (мысалы, Алматы тау кластері – 1 230 689 келуші 2024 қаңтар-маусым) және үш сценарий бойынша болжамдар жасалды:

Кесте 2 – Болжам кестесі (2025-2029, қантар-маусым)

Кластер	2024	2029 (Консерватив)	2029 (Базалық)	2029 (Агрессивті)
Шағын (0)	70 915	78 296	86 280	104 199
Орташа (1)	528 317	642 778	776 271	931 074
Үлкен (2, Алматы тау)	1 230 689	1 646 939	2 168 895	2 815 518

Ескерту: ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлармен есептелген және құрастырылған

Кесте 3 – Кластерлік экономикалық сипаттама (2024 қантар-маусым)

Кластер	Келушілер саны	Қызмет көлемі (мың тг)	Орташа келушіден түсетін кіріс (тг)
0 (шағын)	70 915	1 552 830	18 761
1 (орташа)	528 317	20 287 188	26 994
2 (үлкен)	1 230 689	46 315 665	37 634

Ескерту: ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлармен есептелген және құрастырылған

Консерватив: кластер 2 = 6 %, кластер 1 = 4 %, кластер 0 = 2 %.

Базалық: кластер 2 = 12 %, кластер 1 = 8 %, кластер 0 = 4 %.

Агрессивті: кластер 2 = 18 %, кластер 1 = 12 %, кластер 0 = 8 %.

Қосымша сценарийлер мен әсерлер.

Инфляция және маркетинг инвестициясы.

Инфляция (А): базалық сценарийге 3 %

жылдық өсім қосылды; орташа бір келушіден түсетін табыс 2024-тен бастап жыл сайын 3 % артады, келушілер саны өзгеріссіз.

Маркетинг инвестициясы (В): 2025-2026 жылдары кластер 0 және 1 үшін жылдық өсім ставкаларына +5 п.п. қосылды, әсер тек келушілер санына қатысты.

Аралас сценарий: инвестиция арқылы келушілер саны + инфляция арқылы Rev/visitor өсімі бір уақытта есепке алынды.

Кесте 4 – Болжамдар нәтижелері (2029, қантар-маусым)

Кластер	Туристер саны, базалық	Туристер саны, инвестициялық	Туристер саны, аралас	Кіріс базалық (млн тг)	Кіріс, инвестициялық	Кіріс, инфляция әсері	Кіріс аралас
0 (шағын)	86 280	94 775	94 775	1 889.27	2 075.30	2 190.18	2 405.84
1 (орташа)	776 271	849 812	849 812	29 808.52	32 632.48	34 556.24	37 829.99
2 (үлкен)	2 168 895	2 168 895	2 168 895	81 624.04	-	94 624.64	94 624.64

Ескерту: ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлармен есептелген және құрастырылған

Инвестициялар шағын және орташа кластерлерге келушілер санын айтарлықтай арттырды (кластер 1: +73 541 адам, base→invest).

Инфляция ең үлкен табыс өсімін береді, әсіресе ірі кластер үшін.

Ең тиімді комбинация – инвестиция + инфляция: кластер 1 үшін аралас кіріс 2029 ≈ 37.83 млрд тг, base ≈ 29.81 млрд тг.

Алматы тау кластері (үлкен): халықаралық ағымды ұстап тұру үшін инфрақұрылым мен әуе/автобус байланысын кеңейту, маркетингтік стратегияны күшейту. Орташа кластер: сапа мен ассортиментті (wellness, MICE, табиғи өнімдер) кеңейту, бірегей ұсыныстар жасау арқылы тартымдылықты арттыру. Шағын кластер: инфрақұрылым, қолжетімділік, цифрлан-

дыру және тартымды өнімдерді дамыту арқылы келушілер санын көбейту.

**Талқылау.** Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы курорттық туризм саласының соңғы жылдары тұрақты даму қарқынын көрсететінін дәлелдеді. Бұл үрдіс ең алдымен ішкі туризмнің жандануымен, халықтың табыс деңгейінің өсуімен және мемлекеттің туристік инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған саясатының әсерімен түсіндіріледі. Дегенмен, аймақтар арасындағы даму деңгейіндегі теңсіздік сақталып отыр. Алматы, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстары рекреациялық әлеуеті мен инвестициялық тартымдылығы жоғары өңірлер ретінде ерекшеленсе, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарында курорттық инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы байқалады.

Инфрақұрылымдық айырмашылықтар туристік қызмет сапасына, маусымдық сұранысқа және жұмыс орындарының тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Бұл мәселе шетелдік тәжірибеде де кездеседі, алайда Ресей мен Қытайда мемлекеттік қолдау шаралары мен жеке инвестициялардың үйлесімділігі мұндай теңсіздікті айтарлықтай төмендетіп отыр. Қазақстанда бұл бағыттағы үйлестіру әлі де жетілдіруді қажет етеді.

Сонымен қатар, зерттеу көрсеткендей, туризм саласында адами капиталдың сапасы мен кәсіби даярлығы маңызды рөл атқарады. Қызмет көрсету мәдениетін, тілдік дайындықты және цифрлық сауаттылықты арттыру курорттық аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін едәуір күшейтеді. Мұндай шаралар халықаралық стандарттарға сәйкес сервисті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Маусымдық фактор да ерекше назар аударуды қажет етеді. Көптеген қазақстандық курорттар жаз айларында ғана белсенді жұмыс істейді, ал қыс мезгілінде туристік ағым күрт төмендейді. Осыған байланысты жыл бойы жұмыс істейтін емдік-сауықтыру және SPA-орталықтарын дамыту, климаттық және бальнеологиялық ресурстарды тиімді пайдалану өзекті болып отыр.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Қазақстанның курорттық аймақтарын дамыту стратегиясын қайта қарастырудың, аймақтық ерекшеліктерді ескерудің және тұрақты туризм қағидаттарын енгізудің маңыздылығын көрсетеді. Бұл тәсіл елдің туристік тартымдылығын арттырып қана қоймай, экономиканы әртараптандыру мен халықтың өмір сапасын жақсартуға да мүмкіндік береді.

**Қорытынды.** 2025 жылдың қаңтар-наурыз айларындағы деректер Қазақстандағы курорттық аймақтардың дамуына қатысты келесі негізгі үрдістерді көрсетеді.

Алматы тау кластері туризм индустриясының негізгі орталығы болып отыр. Басқа аймақтардың үлесі салыстырмалы түрде мардымсыз, бұл дамудың аумақтық теңсіздігіне әкеледі.

Туристердің көпшілігі ішкі нарықтан келеді. Алайда халықаралық туристердің үлесі біртіндеп артып келеді, бұл Қазақстан туризмін жаһандық нарыққа бейімдеудің мүмкіндіктерін көрсетеді.

Тұрақты жұмысшылар үлесі жоғары, бұл туризм саласындағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Қонақ үй индустриясы сапа мен санаттылық бойынша жетілдіруді қажет етеді. Жоғары жұлдызды қонақ үйлердің саны жеткіліксіз, ал жайлылықсыз бөлмелердің көптігі қызмет көрсету сапасына кері әсерін тигізеді.

Кейбір аймақтарда қысқа мерзімді сапарлар басым болса, басқаларында ұзақ мерзімді демалыс үлесі жоғары, бұл аймақтар арасындағы туристік ұсыныстың әркелкілігін көрсетеді.

Қазақстандағы курорттық туризм даму үстінде, бірақ оның тұрақты әрі сапалы өсуі үшін инфрақұрылымды жаңғырту, халықаралық нарыққа бейімделу және қызмет көрсету сапасын арттыру қажет, атап айтқанда:

- санаторийлердің материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңмен жаңарту, тозған ғимараттар мен инженерлік жүйелерді қайта құру қажет;

- көлік және жол инфрақұрылымын дамыту арқылы курорттық аймақтарға қолжетімділікті арттыру ұсынылады;

- курорттық аймақтардың туристік әлеуетін арттыру мақсатында «бір терезе» қағидасымен қызмет көрсететін заманауи инфрақұрылымдық кешендер (Reception & Medical Hub) құру тиімді;
- санаторийлерде цифрлық қызметтерді (онлайн тіркеу, брондау, төлем және денсаулық мониторингі) енгізу арқылы қызмет көрсету тиімділігін арттыру қажет;

- өңірлік жерлерде емдік-сауықтыру орындарының бірыңғай базасын құру;

- емдік ресурстарды (минералды су, балшық, климат) заманауи медициналық технологиялармен ұштастыра отырып, кешенді «wellness & medical tourism» пакеттерін әзірлеу қажет;

- шетелдік медициналық орталықтармен әріптестік орнатып, ортақ стандарттар мен сапа сертификаттарын енгізу маңызды;

- әрбір курорттық аймақтың табиғи және емдік ерекшелігіне негізделген жеке бренд қалыптастыру ұсынылады;

- жеке инвестицияларды тарту мақсатында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмдерін кеңейту, жеңілдетілген несие және салықтық ынталандыру жүйесін енгізу қажет.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 World Tourism Organization (UNWTO). *Tourism for Sustainable Development Goals: Exploring Health and Wellness Tourism*. Madrid: UNWTO, 2023. URL: <https://www.unwto.org> (қол жеткізілген күні: 20.10.2024).
- 2 Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінің ресми сайты: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> (қол жеткізілген күні: 20.09.2025).
- 3 Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Астана, 2023. URL: <https://www.gov.kz> (қол жеткізілген күні: 20.10.2024).
- 4 Рубцова Н.В. Региональная санаторно-курортная сфера: оценка рисков функционирования и развития // Регионология. – 2024. – Т. 32. – №1. – С. 90–107. DOI: 10.15507/2413-1407.126.032.202401.090-107.
- 5 Мустафина А.А., Кайгородова Г.Н., Кулягина Н.Г. Оздоровительный туризм в системе человеческого капитала общества // Современные проблемы сервиса и туризма. – 2018. – Т.12. – №2. – С. 7-21. DOI: 10.24411/1995-0411-2018-10201.
- 6 Лукьянова Н.С., Кайсарова К.Ю. Новые тенденции в географии лечебно-оздоровительного туризма в России // Гостиничное дело. – 2023. – №2.
- 7 Gao Caixia, Liu Jiaming, Li Fengjiao et al. The spatial distribution of China's national tourism resorts and its influencing factors // *Journal of Chinese Ecotourism*. – 2022. – Vol. 12. – №3. – pp. 386–398. DOI: 10.12342/zgstly.20220021.
- 8 Ye H., Wen J., Xu X., Li J., Lv Z., Su Y. Study on the geographical spatial characteristics of forest health resorts in Fujian Province, China // *Sustainability*. – 2024. – Vol. 16. – №9. – Art. 3547. DOI: 10.3390/su16093547.
- 9 Географические исследования Сибири и Алтае-Саянского трансграничного региона // Междунар. науч.-практ. конф., посвященная памяти д-ра геогр. наук, проф. В. С. Ревякина: сб. статей. – Барнаул : Изд-во Алт. ун-та, 2025. – 453 с.
- 10 Мусина К., Омарова К., Тукибаева К. Анализ тенденций развития медицинского и оздоровительного туризма в Республике Казахстан // *Вестник Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилёва. Экономическая серия*. – 2024. – №4. – С. 254–274. DOI: 10.32523/2789-4320-2024-4-254-274.
- 11 Musaev M., Abaydullaeva M., Khamitova D. M., Orynbet P. Zh. The competitiveness of health tourism in the Republic of Kazakhstan: factors and development prospects // *Statistics, Accounting and Audit*. – 2025. – №1(96). – pp. 176–192. DOI: 10.51579/1563-2415.2025.-1.13.
- 12 Туризм статистикасы. <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/> (қол жеткізілген күні: 29.09.2025).
- 13 How Kazakhstan regulates and sustains expanding tourism sector. <https://astanatimes.com/> (дата обращения: 30.09.2025).
- 14 Kazakhstan's arrivals to expand over 2024, building on a full rebound in 2023. <https://www.fitchsolutions.com/> (дата обращения: 30.09.2025).

## References

- 1 World Tourism Organization (UNWTO). *Tourism for Sustainable Development Goals: Exploring Health and Wellness Tourism*. Madrid: UNWTO, 2023. URL: <https://www.unwto.org> (қол жеткізілген күні: 20.10.2024).
- 2 Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінің ресми сайты: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> (қол жеткізілген күні: 20.09.2025).
- 3 Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Астана, 2023. URL: <https://www.gov.kz> (қол жеткізілген күні: 20.10.2024).
- 4 Rubcova N.V. Regional'naja sanatorno-kurortnaja sfera: ocenka riskov funkcionirovaniya i razvitiya // *Regionologija*. – 2024. – Т. 32. – №1. – С. 90–107. DOI: 10.15507/2413-1407.126.032.202401.090-107.
- 5 Mustafina A.A., Kajgorodova G.N., Kuljagina N.G. Oздоровител'nyj turizm v sisteme chelovecheskogo kapitala obshhestva // *Sovremennye problemy servisa i turizma*. – 2018. – Т.12. – №2. – С. 7-21. DOI: 10.24411/1995-0411-2018-10201.
- 6 Luk'janova N.S., Kajsarova K.Ju. Novye tendencii v geografii lechebno-ozdorovitel'nogo turizma v Rossii // *Gostinichnoe delo*. – 2023. – №2.
- 7 Gao Caixia, Liu Jiaming, Li Fengjiao et al. The spatial distribution of China's national tourism resorts and its influencing factors // *Journal of Chinese Ecotourism*. – 2022. – Vol. 12. – №3. – pp. 386–398. DOI: 10.12342/zgstly.20220021.
- 8 Ye H., Wen J., Xu X., Li J., Lv Z., Su Y. Study on the geographical spatial characteristics of forest health resorts in Fujian Province, China // *Sustainability*. – 2024. – Vol. 16. – №9. – Art. 3547. DOI: 10.3390/su16093547.
- 9 Geograficheskie issledovanija Sibiri i Altae-Sajanskogo transgranichnogo regiona // *Mezhdunar. nauch.-prakt. konf., posvjashhennaja pamjati d-ra geogr. nauk, prof. V. S. Revjakina: sb. statej*. – Barnaul : Izd-vo Alt. un-ta, 2025. – 453 s.
- 10 Musina K., Omarova K., Tukibaeva K. Analiz tendencij razvitiya medicinskogo i ozdorovitel'nogo turizma v Respublike Kazahstan // *Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta im. L. N. Gumiljova. Jekonomicheskaja serija*. – 2024. – №4. – С. 254–274. DOI: 10.32523/2789-4320-2024-4-254-274.
- 11 Musaev M., Abaydullaeva M., Khamitova D. M., Orynbet P. Zh. The competitiveness of health tourism in the Republic of Kazakhstan: factors and development prospects // *Statistics, Accounting and Audit*. – 2025. – №1(96). – pp. 176–192. DOI: 10.51579/1563-2415.2025.-1.13.
- 12 Turizm statistikasy. <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/> (қол жеткізілген күні: 29.09.2025).
- 13 How Kazakhstan regulates and sustains expanding tourism sector. <https://astanatimes.com/> (дата обращения: 30.09.2025).
- 14 Kazakhstan's arrivals to expand over 2024, building on a full rebound in 2023. <https://www.fitchsolutions.com/> (дата обращения: 30.09.2025).

<p><b>Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)</b> Кәрімов Дәурен Жалғасұлы, қызмет көрсету саласының магистрі, докторант Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: dauren050902@mail.ru ORCID iD: <a href="https://orcid.org/0009-0006-1902-0433">https://orcid.org/0009-0006-1902-0433</a></p>	<p><b>Автор для корреспонденции (первый автор)</b> Каримов Даурен Жалғасұлы, магистр в области услуг, докторант, Казахская академия спорта и туризма, г. Алматы, Казахстан, e-mail: dauren050902@mail.ru ORCID iD: <a href="https://orcid.org/0009-0006-1902-0433">https://orcid.org/0009-0006-1902-0433</a></p>	<p><b>The Author for Correspondence (The First Author)</b> Karimov Dauren Zhalgasuly, Master's Degree in Services, PhD student, Kazakh academy of sport and tourism, Almaty, Kazakhstan, e-mail: dauren050902@mail.ru ORCID iD: <a href="https://orcid.org/0009-0006-1902-0433">https://orcid.org/0009-0006-1902-0433</a></p>
---	--	---

Мақала түскен күні: 28.10.2025

Мақала басылымға қабылданған күні: 05.12.2025